

Жезқазған қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 5 тамыздағы № 20/118 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 8 тамызда № 142-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Занының 97-бабына, "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жезқазған қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихатының кейір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қалалық мәслихатының төрағасы

P. Капарова

Жезқазған қалалық

мәслихатының

2024 жылғы 5

тамыздағы

№ 20/118

шешіміне 1 қосымша

Жезқазған қаласында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен жалғыз тұрғынжай ретінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрған тұрғынжайды Жезқазған қаласында тұрақты тіркелген және тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеуге жұмысалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың жиыны ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы арасындағы айырма ретінде және аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі 6 (алты) пайыз мөлшерінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілдегі орган) жүзеге асырылады.

3. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілдегі орган тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыш министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тұрғын үй беру қағидалары) айқындалған тәртіппен есептеледі.

4. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушилер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

5. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау келесі төмендегі нормаларға сәйкес жүргізіледі:

1) көп бөлмелі пәтерлерде тұрғынжай алаңының нормасы бір адамға 18 шаршы метрді құрайды, бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін - пәтердің жалпы алаңы. Көп бөлмелі пәтерлерде жалғыз тұратындар үшін алаң нормасы - 30 шаршы метр;

2) газ тұтыну нормасы – бір отбасыға айна 1 баллон (10 килограмм);

3) қызмет көрсетушілердің шоттарын (түбіртектер, жүккүжаттар, шот - фактуралар) ұсына отырып, нақты шығындар бойынша қатты отынды пайдалану - алаңының 1 шаршы метрін жылдыту үшін 161 килограмм көмірден артық емес (6 айлық жылдыту маусымына есептегендеге), бірақ жылу маусымына 7 тонна көмірден артық емес;

тұрғын үй көмегін есептегендегі, статистика органдарының мәліметтері бойынша Жезқазған қаласында өткен тоқсанда қалыптасқан көмір бағасы қолданылады;

4) нақты шығындар бойынша, отбасының электроэнергияны тұтынуы, бірақ:

газ плиталарымен жабдықталған үйлерде айна 200 киловаттан артық емес;

электр плиталарымен жабдықталған үйлерде айна 250 киловаттан артық емес;

5) сұық суды, кәрізді, қоқыс төккішті тұтыну нормалары тарифтерді бекітетін органмен белгіленеді.

6. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлем ақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

7. Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, зандарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

8. Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе нотариалды куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін уәкілетті органға "электрондық үкімет" веб- порталы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы келесі құжаттарды ұсына отырып, Тұрғын үй беру қағидаларына 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тұрғын үй көмегін тағайындау туралы өтініш жолдайды:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

Тұрғын үй көмегін беру қағидаларына 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер; банктік шоты;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

телекоммуникация қызметтері үшін тұбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

2) "электрондық үкімет" веб-порталға:

аз қамтылған отбасының (азаматтың) электрондық цифрлық қолтаңбасымен қуәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

отбасының кірісін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

жұмыс орнынан анықтаманың немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

банктік шотының электрондық көшірмесі;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі;

коммуналдық қызметтерді тұтыну шотының электрондық көшірмесі;

телекоммуникация қызметтері үшін тұбіртек-шоттың немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі.

9. Құжаттарды қарau және тұrғыn үy көmегіn көrsetu туралы шешіm қabyлдаu nemese kөrsetuden bas tartru turalys dәlелdі jaup beru merzimі Memlekettik korporasiyadan nemese "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың tolыk top tamasын алғan kүnnen bastap sегіz жұмыs kүnіn қурайды.

10. Тұrғыn үy көmегі barlyk құjattarmen bіrgе өtіniш berilgen aidan bastap bіr toksan merzimge taғaiyindaladys.

11. Уәkіlettі organ mynadай negiZder boйynsha:

1) тұrғыn үy көmегіn alu uшіn az қamtylgan otbasы (azamat) ұsyngan құjattardың jәne (nemese) olarda қamtylgan derekterdің (mәlіmetterdіn) dәyeksiZdіgі aнықtalғan;

2) az қamtylgan otbasының (azamattың) jәne (nemese) tұrғыn үy көmегіn kөrsetu uшіn қажettі ұsyngan materialdarдың, obiectilerdіn, derekter men mәlіmetterdіn Tұrғыn үy көmегіn beru қafidalarynda belgilenegen talaptarғa сәykes kелmeuі;

3) az қamtylgan otbasыға (azamatқa) қatysty belglі bіr memlekettik қыzmetti aludys talap etetіn қыzmetke nemese жекелеген қыzmet tұrlerіne тыйым salu turalys zandys kүshіne eнgen сот sheshіmі (үkіmi) bolғan jaғdайda;

4) аз қамтылған отбасыға (азаматқа) қатысты занды қүшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде аз қамтылған отбасы (азамат) тұрғын үй көмегін алуға байланысты арнайы құқықтан айырылғанда тұрғын үй көмегін беруден бас тартады.

12. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау Жезқазған қаласы бюджетінде тиісті қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

13. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) шешім қабылданған айдан кейінгі айдың 15 күніне дейін тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган есептелген сомаларды екінші деңгейдегі банктер арқылы тұрғын үй көмегін алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, уәкілетті орган шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) шағымды жібермейді.

Уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен аз қамтылған отбасының (азаматтың) шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін аз қамтылған отбасының (азаматтың) шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі. Егер занда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа пікірмен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамының уәжді ұстанымын ұсынады.

Жезқазған қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-2-156 болып тіркелген).

2. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 17 тамыздағы № 9/75 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1929 болып тіркелген).

3. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2013 жылғы 7 ақпандағы № 12/103 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2204 болып тіркелген).

4. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 20/174 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2476 болып тіркелген).

5. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 9 шілдедегі № 25/219 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2699 болып тіркелген).

6. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 тамыздағы № 26/238 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4920 болып тіркелген).

7. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін

көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 31/286 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5111 болып тіркелген).

8. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 45/397 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5822 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК